# АЙНАЛДЫМ ЕЛІМ

Сөзі: С.Жиенбаев

Әні: Е.Хасанғалиев



Сағындым сені,
Сағымды белдер.
Көк орай шалғын,
Қоғалы көлдер.

**Қайырмасы:**
Жайқалған көгі
Жазира далам
Алыстан аңсап, келемін
Айналдым елім
Аяулым менің
Сағындым сені, туған жер

Жағасы жайлау,
Даласы көркем.
Аспаны биік,
Армансыз өлкем.

**Қайырмасы:**

Нұрындай күннің,
Гүліндей қырдың.
Сағындым сені,
Балауса құрбым.

**Қайырмасы:**